**ЦИКЛОГРАММА**

***Үшінші апта (14.05-18.05. 2018 ж.)***

**№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы «Гүлдер»**

**Өтпелі тақырып:** «**Мен жасай аламын**»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру | | | | |
| | Дидактикалық ойын : «Қандай түсті зат» | Үстел үсті ойыны – пазл:<br>«Дұрыс әрекетті тап» | Саусақ ойыны: «Менің отбасым» | Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр» | Дидактикалық ойын: «Лото» |
| | **Затсыз орындалатын жаттығу** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Көркем сөз:**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолды жу.<br>Тазалықтың досы –<br>Су дегенің осы.<br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **№3.11Д\Ойын «Домино»**<br>**Мақсаты**: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның | **№5.18 «Суретті құрастыр»**<br>**Мақсаты:**Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған | **№3.14 Д\ойын «Бұл қай кезде болады»**<br>**Мақсаты**: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін atatу, тілдерін жетілдіру, | **№3.12«Қол соғу» ойыны**<br>**Мақсаты:** Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру үшін | **№2.8 «Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап»**<br>**Мақсаты:**Мамандықтар туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойынның барысы:** Әр бала қандай да |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атқаратын қызметімен таныстыру.<br>**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. | істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты:** Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. | танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.<br>**Ойын шарты:** Бала өз суреті бойынша әңгімелейді, ал әңгіме қай мезгіл туралы айтылғанын, бағыттаушы кімге көрсетсе сол жауап береді. Жауап дұрыс болған жағдайда ғана сурет балаларға көрсетіледі. | жаттықтыру.<br>**Шарты**:Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Одан соң тақта алдына шақырылған балалардың бірі тәрбиешінің қол соғуын қайталап, оның неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін қол соғу санына сай келетін сандық фигураға қаратып қоюы тиіс.<br>. | бірмамандықты ойлап,жасырады,ал қалғандары оны табу керек.Балалар бір-бірден шығады,ал қалғандары сұрақ қояды.Жауаптарына байланысты бала «иә» немесе «жоқ»деп жауап береді. Міне,осы жауаптардан балалар сіздің мамандығыңызды табуы қажет. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Иректеп қойылған жіптің үстімен еркін жүру. Заттардың арасынан алақан және табанмен еңбектеу. Саптізбекте бір-бірден сапқа тұру, шашыраңқы жүргенде кеңістікке бағдарлау және саптізбекте өзінің орнын жылдам табу.<br>**Барысы:**<br>1. Иректеп қойылған жіптің үстімен еркін жүру 2.Ж.Д.Ж.<br>3. Негізгі жаттығу.<br>-Заттардың арасынан | **Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Заттарды аттап жүру және жүгіру. Саптізбекте бір-бірден сапқа тұру, шашыраңқы жүргенде кеңістікке бағдарлау және саптізбекте өзінің орнын жылдам табу. Допты екпінмен лақтыру және доп қимылының бағытын сақтау.<br>**Барысы:**<br>1. Заттарды аттап жүру және жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж.<br>3.Негізгі жаттығулар<br>-Допты екпінмен лақтыру және доп | **ҚҰМҚ**<br>**Мақсаты:** Түрлі заттарды геометриялық пішіндермен салыстыру. Берілген сан бойынша заттарды санауға үйретуді жалғастыру (үш үйрек, бес көжек және т.б.).<br>**Барысы**<br>1.Жұмбақ жасыру<br>2. 1-тапсырма Д.О.№3.17 «Төмен-жоғары»<br>3. 2-тапсырма Д.О.№3.15 «Сол пішінді тап»<br>4.Сергіту сәті<br>5.Қортындылау<br>**Музыка.**<br>**Мақсаты:** Көбелек туралы түсінік беру. Ән салуға, билеуге, ойнауға | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. Допты екпінмен лақтыру және доп қимылының бағытын сақтау. Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>**Барысы:**<br>1. Баяу қарқынмен жүру және жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж<br>3.Негізгі жаттығулар: Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>4.Қ.О. №1.18 «Допты кім алысқа лақтырады?»<br>**Көркем әдебиет.**<br>**Мақсаты:** Балаларды оқылған шағын ертегі | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:** Суреттің мазмұны бойынша шағын әңгімелер құрастыру. Өз ойын дұрыс қалыптастыру қабілеттерін дамыту.<br>**Барысы:**<br>1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру.<br>2.Тақпақтар жаттау.<br>3.Сергіту сәті<br>4.Д.О. №2.7«Шапалақта» Қортындылау.<br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты**: Қарапайым табиғат құбылыстарын бейнелеуге машықтандыру. Әртүрлі |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алақан және табанмен еңбектеу. -Саптізбекте бір-бірден сапқа тұру<br>4.Қ.О. №1.7 «Аттап өт»<br>Қортындылау<br>**Жаратылыстану.**<br>**Мақсаты:**<br>Балапанды сыртқы орта көрінісіне қарап тани білуге, дене бөліктерін ажыратып айтып беруге үйрету. Балапанның тіршілігі адамның қамқорлығына зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыру. Қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Ұйымдастыру кезеңі-шаттық шеңбер.<br>2. Балапанның тіршілігі туралы айтып таныстру-Видео.<br>3.Д.О. «Ненің балапаны»<br>4.Сергіту сәті<br>Қортындылау<br>**Музыка.** | қимылының бағытын сақтау.<br>4. Қ.О. №1.9 «Тышқан аулаушы»<br>Қортындылау<br>**Құрастыру**<br>**Мақсаты:**<br>Бөлшектерді өзара желімдеу, композиция құрастыру дағдыларын бекіту. Ұқыптылыққа, татулыққа тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбер<br>2.Сұрақ-жауап<br>3. «құрастыру» әдісін қолданамыз.<br>4.Д.О. №3.21 «Тез жауап бер»<br>5.Сергіту сәті<br>Қортындылау<br>**Вариативтік компонент**<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұнымен және ертегі кейіпкерлермен таныстыру.Сөздік қорларын тіл байлықтарын дамыту.<br>**Барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру.<br>2.Сұрақ-жауап.<br>3. Ертегі кейіпкерлеріне | қызығушылықтарын дамыту. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету.<br>**Барысы**: Ән тыңдау: «Ақ көбелек»<br>(Тұрсынжан Шапай)<br>Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ»<br>Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов)<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Қосарланып билеу» | желісі бойынша ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту.<br>**Барысы**<br>1.Балалармен шағын әңгіме жүргізу<br>2.Сұрақ-жауап. (Видео )<br>3.Сергіту сәті<br>4.Мақал жаттау.<br>Қортындылау.<br>**Мүсіндеу.**<br>**Мақсаты:** Ойдан құрастырып мүсіндеу. Алған білімдерін қолдана білуге үйрету.<br>**Барысы**<br>1. Балалармен әңгіме ұйымдастыру.<br>2.Д.О. №4.1 «Түсіне қарай орналастыру»<br>3.Саусақ жаттығуы<br>4. Домалату әдісі бойынша жұмыс жасау<br>5.Қортындылау | бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>**Барысы:**<br>1.Жұмбақ жасыру<br>2. Балалармен шағын әңгіме жүргізу<br>3. Әр түрлі бағыттағы түзу сызықтар арқылы сурет салу<br>4.Д.О: №4.14 «Қандай түс»<br>Қортындылау.<br>**Вариативтік компонент. Мақсаты:**<br>а) өткен сабақтарды қайталау ертегіні түсіндіру;<br>ә) балалардың білімдерін тиянақтау;<br>б) ұлттық тәрбие беру<br>**Барысы:**<br>1. Балаларды өткен ертегілерді еске түсіру.<br>2.Сұрақ-жауап<br>3. Сергіті жаттығуы.<br>4. Қортындылау |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Көбелек туралы түсінік беру. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға,шығарманы сезіне білуге үйрету.<br>**Барысы.** Ән тыңдау: «Ақ көбелек» (Тұрсынжан Шапай)<br>Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ»<br>Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов)<br>Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Қосарланып билеу» | мінездеме беру<br>4.Сергіту сәті<br>5.Желіммен жұмыс<br>Қортындылау | | | |
| **Серуен:** | **1. Бақылау.** Туған өлкенің көшелерінің тазалығы.<br>Мақсаты: Балаларды тазалыққа тәрбиелей отырып,<br>көшенің тазалығын бұзатын адамдардың қылық-<br>тарын аңғату, оларға ұқсамау, туған | **1. Бақылау**. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау.<br>Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.<br>Құмырсқа , масаларды бақылату арқылы олардың шағатынын,еңбекқорлығын көруге үйрету.<br>**2. Қимылды ойындар:** | **1. Бақылау.** Құстарды бақылау.<br>Мақсаты.сауысқан, торғай, қарғаның қимыл-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және<br>айтуға үйрету. т.б<br>**2. Қимылды ойындар:**<br>«Құстар мен мысық» ,<br>«Ақ серек, көк серек»<br>«Ұшты-ұшты» | **1. Бақылау.** Ауа райын бақылау.<br>Мақсаты:ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.<br>**2. Қимылды ойындар:**<br>«Кеглиді көздеп құлат»<br>«Ормандағы аю»<br>Мақсаты: Ептілікке | **Бақылау.**<br>Құстарды бақылау.<br>Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету.<br>Қарға мен сауысқанның айырмашылығын табуға жаттықтыру<br>**2. Қимылды ойындар:**<br>«Дәуіт пен қарлығаш»,<br>«Біз көңілді балалар»<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеріміздің әсемдігіне назар аударту.<br>**2. Қимылды ойындар:**<br>«Кімдікі дұрыс?»<br>«Даусынан таны»<br>Мақсаты: тез қимылдауға үйрету.<br>**3.Еңбек:** Телімдегі қағаз қалдықтарын жинау.<br>**4.Жеке жұмыс:** «Біз тұратын көше» 3-4 баламен әңгімелесу.<br>**5.Көркем сөз.**<br>Көгінде күн нұрын төккен,<br>Жерінде гүл жұпар сепкен.<br>Неткен сұлу, неткен көркем,<br>Осы менің туған өлкем. | «Масаны ұстап ал»<br>«Үйсіз қоян».<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету.<br>**3. Жеке жұмыс.**<br>Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу.<br>**4. Еңбек.**Жәндіктерге нан қиқымын беру.<br>**5. Көркем сөз.**<br>Құмырсқа батыр,<br>Қимылдап жатыр.<br>Алды да ырғап,<br>Көтерді «бір қап»<br>Құмырсқа қыстан,<br>Шығады жырғап. | **3. Жеке жұмыс.** 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру.<br>**4. Еңбек.**Телімді жинастыру.<br>**5. Жұмбақ жасыру.**<br>Қайталап атымды,<br>Көктемде ән саламын.<br>Кез келген ұяға<br>Жұмыртқа саламын.<br>(көкек)<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ.<br>(қарға) | баулу.<br>**3. Жеке жұмыс.** 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүгіру.<br>**4. Еңбек.** Ойын алаңының қоқыстарын жинау.Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару.<br>**5.Көркем сөз.**<br>Жұмбақ.Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен.<br>(су) | **3. Жеке жұмыс**.2-3 баламен алғашқы ұшып келетін құстар қаз, қарлығаш, бозторғай туралы әңгімелесу.<br>**4. Еңбек.** Құстарға жем шашу, әкелерімен бірігіп ұя жасауды ұсыну.<br>**5. Көркем сөз.** Жұмбақ жасыру.<br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты.<br>(қарлығаш) |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,дербес ойынәрекеті. Киімдерін әдемілеп жинап жәшіктеріне салып қоюға баулу. Өз-өздеріне қызмет жасау. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Шынықтыру шарасы. | | | | |

Scanned by TapScanner

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Әдемі ирек жолдармен<br>Лактарша біз ойнактап<br>Тастан-таска секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Үстел барысында дұрыс отыру.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ойындар, дербес әрекет<br><br>Баланың жеке даму картасына сәйкегс жеке жұмыс</td><td>Сюжетті-рөлдік ойын<br>«Дүкенші»<br>«Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру<br>Гимнастикалық орындық бойымен ішпен, орындықтың шетінен ұстап, қолмен тартылып еңбектеу.</td><td>Сюжетті-рөлдік ойын<br>«Қуыршақты тамақтандыр»;<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.<br>Төреханға ермексазды илеу әдісін көрсету</td><td>Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»;<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.<br><br>Шамасы әртүрлі 2-3 затты (ұзындығы, биіктігі, ені, жуандығы бойынша) өсу және кему ретімен орналастыру</td><td>Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика<br><br>Тепе-теңдікті сақтап бөрене үстімен жүруді үйрету (Ерасыл. Нұрасыл)</td><td>Сюжеттік-ойын «Дәрігер» ойыншықтармен ойындар,<br>ертегі оқып беру;<br><br>Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері туралы білімін кеңейту.</td></tr>
<tr><td>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем»(сурет қарастыру)<br>Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</td><td>Әңгіме құрастыру «Көктемнің алғашқы мерекесі 8наурыз »<br>Мақсаты:баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.</td><td>Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық»<br>Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.</td><td>Көктем айының мерекелері<br>Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</td><td>Дидактикалық ойын «Атын атап бер»<br>Мақсаты:түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</td></tr>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Киіну: серуенге шығу.</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td colspan="5">Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Аналарымызға қандай сыйлық сыйлаймыз», « 8наурыз кімдердің</td></tr>
</table>

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мерекесі?» және т.б. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Кеңес: Балалардың тәрбиесі үйден басталады. |

**Тәрбиеші:** Хасанова Ш.М. Дарибаева Н.Қ.

Тексерілді: [signature]

Scanned by TapScanner